

«8D03105 – Халықаралық қатынастар» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
Нышанбаев Нурболат Қайратұлының
«Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі мемлекеттің сыртқы
саясатындағы көпвекторлы саясат принципі: Қазақстан Республикасы
мысалында» тақырыбындағы диссертациясына

АНДАТПА

Диссертациялық зерттеудің жалпы сипаттамасы. Диссертацияда халықаралық қатынастар жүйесінде «көпвекторлы сыртқы саясат» тұжырымдамасына ғылыми концептуалдық тұрғыдан баға беріліп, Қазақстан Республикасының мысалында талданады. Зерттеу жұмысы аясында, халықаралық қатынастар жүйесіндегі көпвекторлы сыртқы саясат тұжырымдамасы теориялық және әдістемелік негіздері ғылыми талдау негізінде анықталып, сыртқы саяси модель ретінде мемлекеттің сыртқы саясатындағы рөлі анықталады. Халықаралық қатынастар жүйесінде, көпвекторлы сыртқы саясат тұжырымдамасының рөлі анықталып, Қазақстан Республикасы мысалында, халықаралық институттар, аймақтық векторлары статусы және аймақтағы күштер балансы тұжырымдамалар негізінде талдау жүргізіледі. Қазақстанның көпвекторлы саясатының аймақтық және жаһандық геосаяси өзгерістерге бейімделуі, аталмыш дипломатиялық стратегияның болашақтағы мүмкіндіктері мен мәселелеріне ғылыми талдау жасалынады.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Қазақстан Көпвекторлы сыртқы саясат тұжырымдамасы, жаһандық саясатта алып державалар арасында геосаяси теке-тірестер артқан кезеңде, орта держава мемлекеттері үшін ерекше маңызды ие стратегиялық саясатқа айналды. Жаһандану қарсаңында көпвекторлық сыртқы саясат стратегиясы орта держава мемлекеттері үшін ықпалын арттырып, ұлттық мүддені қамтамасыз етіп келуде. Халықаралық жүйе қарқынды трансформациялық процестерді бастан өткеріп, жаһандық тәртіп көп-поляarly жүйеге көшу сатысында тұр. Зерттеудің өзектілігі жаһандық және аймақтық сын-қатерлерге бейімделе отырып, Қазақстанның сыртқы саясатының тиімділігін бағалау мен оны одан әрі жетілдіру жолдарын анықта. Диссертацияда Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатының теориялық және практикалық негіздерін саралай отырып, оның халықаралық аренадағы орнын нығайтуға ықпал ететін ғылыми-тәжірибелік ұсыныстар ұсынады. Алайда, жаңа геосаяси жағдайларда көпвекторлы сыртқы саясатты жетілдіру, оның тиімділігін арттыру және Қазақстанның халықаралық беделін одан әрі нығайту үшін кешенді және терең зерттеулер жүргізу қажеттілігі өзекті болып отыр. Диссертациялық жұмыс бұл бағыттағы әдебиеттер ішіндегі ғылыми бастықты толықтыруда ықпал ететін болады.

Диссертациялық зерттеудің пәні. Қазақстан Республикасының

сыртқы саясатындағы көпвекторлы саясат стратегиясының мазмұны, оны іске асырудың ерекшеліктері және халықаралық қатынастар жүйесіндегі орны мен рөлі.

Диссертациялық зерттеудің нысаны. Қазақстан Республикасының көпвекторлы сыртқы саясаты және оның қазіргі заманғы халықаралық қатынастар жүйесіндегі орны

Диссертациялық зерттеудің мақсаты. Қазақстан Республикасының көпвекторлы сыртқы саясаты және оның қазіргі заманғы халықаралық қатынастар жүйесіндегі орны.

Зерттеу жұмысының мақсаты – қазіргі заманғы халықаралық қатынастар жүйесінде көпвекторлы сыртқы саясат тұжырымдамасының мемлекет стратегиясындағы рөлін Қазақстан Республикасы мысалында талдау.

Зерттеу жұмысында келесідей міндеттерді орындау көзделген:

- Халықаралық қатынастар теориясындағы көп векторлы саясаттың маңызы мен рөлін зерттеу.
- Қазақстанның көп векторлы саясат стратегиясының даму тарихын және оның негізгі басымдықтарын зерделеу.
- Қазақстанның маңызды халықаралық серіктестіктерін және келіссөздерін талдау арқылы саясаттың тиімділігін бағалау.
- Қазақстанның еуропалық және азиялық экономикалық блоктармен өзара әрекеттесуінің ұлттық экономикаға әсерін анықтау.
- Қазақстанның көпвекторлы саясатының аймақтық және жаһандық қауіпсіздікке қосқан үлесін талдау.
- Қазақстанның сыртқы саяси стратегияларының ұлттық мүдделерді қолдау және дамыту бойынша тиімділігін анықтау.
- Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын одан әрі жетілдіру үшін стратегиялық ұсыныстар дайындау.

Зерттеудің хронологиялық шеңбері. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған кезеңнен кейін, тәуелсіз сыртқы саясат стратегиясы қалыптасты. 1992 жылы алғаш рет жарияланған Қазақстанның сыртқы саясат бағыты, отандық ғылыми дискурсты көпвекторлы сыртқы саяси бағыт танымын қалыптастырды. Зерттеудің хронологиялық шеңбері 1992 жыл мен 2022 жылға дейінгі кезеңді қамтиды.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдістемелік негіздері Зерттеу халықаралық қатынастар ғылымының классикалық және заманауи теорияларына сүйенеді. Бұл теориялар көпвекторлы сыртқы саясаттың мәнін, мазмұнын және оның халықаралық жүйедегі іске асу ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеудің теориялық базасын геосаясат тұжырымы, неореализм, күштер балансы теориясы, өзара тәуелділік теориясы және секьюритизация тұжырымдамасы құрайды. Неореализм және күштер балансы теориясы халықаралық жүйедегі анархиялық сипаттағы қатынастар жағдайында мемлекеттердің аман қалу және қауіпсіздігін қамтамасыз ету әрекеттерін түсіндіруге

мүмкіндік береді. Кеннет Уолтцтың құрылымдық реализм тұжырымына және Джон Миршаймердің шабуылдаушы реализм концепциясына сүйене отырып, Қазақстанның көпвекторлы саясаты — бұл жаһандық және аймақтық державалар арасында тепе-теңдікті сақтау арқылы мемлекеттің егемендігін және қауіпсіздігін нығайту жолындағы саналы стратегиялық таңдау.

Сонымен қатар, зерттеудің ғылыми негізділігін қамтамасыз ету үшін институционалдық, жүйелік және құрылымдық-функционалдық әдістер пайдаланылды. Институционалдық әдіс Қазақстанның халықаралық ұйымдармен, әсіресе БҰҰ, ШЫҰ, ЕҚЫҰ және ЕАЭО секілді құрылымдармен ынтымақтастығын қарастыруға мүмкіндік берсе, жүйелік тәсіл сыртқы саясаттың ішкі және сыртқы факторлармен байланысын талдауға бағытталған. Сонымен қатар, диссертацияда салыстырмалы өңірлік талдау әдісі де қолданылды. Бұл әдіс арқылы Қазақстанның көпвекторлы саясатының Орталық Азия аймағындағы басқа мемлекеттердің сыртқы саяси стратегияларымен айырмашылығы мен ұқсастығы зерттеледі. Мысалы, Өзбекстан, Қырғызстан немесе Түрікменстан сияқты елдердің сыртқы саясаттағы бағыттарымен салыстыра отырып, Қазақстан моделі аймақтық деңгейде ерекшеленетіні анықталады. Бұл тәсіл Қазақстанның көпвекторлы дипломатиясының тәжірибесі өзге мемлекеттер үшін үлгі ретінде қарастырылуы мүмкін екенін көрсетеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалығы мынадай аспектілермен сипатталады:

- көпвекторлы сыртқы саясат ұғымының теориялық негіздері мен халықаралық қатынастар теориясындағы орны жаңаша зерделенді;
- Қазақстан Республикасының көпвекторлы саясатын орта держава статусы ретінде қалыптасуы жолындағы ерекшеліктері талданды;
- Қазақстанның сыртқы саясатындағы геосаяси, экономикалық, мәдени және цифрлық өлшемдер арасындағы тепе-теңдік стратегиясы алғаш рет кешенді түрде қарастырылды;
- Қазақстанның бастамаларының аймақтық қауіпсіздік пен экономикалық интеграцияға ықпалы бағаланды, оның ішінде АӨСШК, Астана процесі және ядролық қарусыздану салаларындағы дипломатиялық қадамдары сарапталды;
- жаһандық сын-қатерлерге жауап ретінде Қазақстанның бейтарап, прагматикалық сыртқы саяси позициясының артықшылықтары теориялық және тәжірибелік деңгейде негізделді;
- Қазақстанның халықаралық ұйымдармен (БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ, ЕАЭО, Түркі мемлекеттері ұйымы) байланысы көпвекторлы саясаттың институционалдық тетігі ретінде қарастырылып, жаңа ғылыми тұжырымдар ұсынылды.

Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының көп векторлы саясатының әр аспектілерін тереңдете зерделей отырып, халықаралық

қатынастар жүйесінде Қазақстанның рөлін түсінуге жаңа тұрғыдан көзқарас ұсынады.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы. Диссертация жұмысының ғылыми нәтижелері, тақырыптың себебі мен ықтимал салдарын зерттеу Қазақстан Республикасының Президент Әкімшілігіне, Сыртқы істер министрлігіне көп векторлы саясатының ғылыми негіздерін нығайтуға, отандық ЖОО мен институттарға нақты ұсыным беру, Қазақстанның сыртқы саясат концепциясының ғылыми негіздемесін күшейту, болашақта мүмкін векторларын бағалау тұрғысынан практикалық құндылығы жоғары. Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен деректері Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарындағы «шығыстану», «аймақтану», «халықаралық қатынастар», «саясаттану» мамандығы бойынша бакалавриат, магистратура студенттерінің оқыту бағдарламасын дайындауда көмекші құрал болуы ықтимал. Диссертация қазақстандық жоғары оқу орындарында, қазіргі заманғы халықаралық қарым-қатынастар теориясы, Қазақстанның аймақтық және жаһандық саясаттағы көшбасшылығы туралы зерттеулер ауқымын толықтыруға ықпал етеді.

Зерттеудің қорғауға ұсынылатын тұжырымдары.

1) Көпвекторлы сыртқы саясат – қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінде орта держава ретінде қалыптасқан Қазақстанның жаһандық және аймақтық акторлармен теңгерімді байланыс орнатуға бағытталған стратегиялық таңдауы болып табылады. Бұл саясат халықаралық ортадағы түрлі саяси және экономикалық дағдарыстар жағдайында сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және елдің егемен мүдделерін қорғау құралы ретінде қарастырылады. Көпвекторлы саясаттың арқасында Қазақстан Ресей, Қытай, Еуропалық Одақ, АҚШ және басқа да ірі державалармен прагматикалық және прагматикалық тепе-теңдікке негізделген қарым-қатынастар орнатуға қол жеткізді.

2) Қазақстанның геосаяси орналасуы көпвекторлы саясаттың мазмұнын айқындайтын маңызды факторлардың бірі болып табылады. Еуразия кеңістігінің орталығында орналасқан мемлекет ретінде Қазақстан "Батыс – Шығыс" және "Солтүстік – Оңтүстік" бағыттарындағы экономикалық, көлік-логистикалық және энергетикалық байланыстардың тоғысқан нүктесіне айналды. Бұл елге халықаралық көлік дәліздері мен трансконтиненталды инфрақұрылымдық бастамаларда орталық буын рөлін атқаруға мүмкіндік беріп, оның транзиттік және инвестициялық әлеуетін арттырды.

3) Көпвекторлы саясат тек сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз ету тетігі ғана емес, сонымен қатар ішкі саяси тұрақтылық пен геосаяси дербестікті нығайтудың құралы ретінде қызмет етеді. Қазақстан халықаралық аренада державалар арасындағы бәсекелестіктен шет қалмай, керісінше, олардың арасындағы диалог пен әріптестікті

ілгерілету арқылы өзінің ұлттық мүдделерін үйлесімді қорғауға қол жеткізді. Мұндай тепе-теңдік саясаты ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етіп, елдің халықаралық беделін нығайтты.

4) Қазақстан Республикасының көп векторлы саясаты әлемдік аренадағы түрлі саяси және экономикалық дағдарыстарға төтеп беру үшін жүзеге асырылуда. Бұл стратегия Қазақстанға аймақтық және глобалдық деңгейдегі негізгі державалармен, соның ішінде Ресей, Қытай және Батыс елдерімен теңгерімді және тұрақты қарым-қатынастарды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

5) Қазақстан көпвекторлы сыртқы саясаты арқылы халықаралық ұйымдармен тығыз ынтымақтастық орнатып, әлемдік экономикаға және халықаралық құқықтық кеңістікке тиімді интеграцияланды. Қазақстан БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ, ЕАЭО, Ислам ынтымақтастығы ұйымы және басқа да құрылымдар аясында белсенді мүшелік танытып, көпжақты дипломатияда тәжірибе жинақтады. Бұл елдің дипломатиялық ұстанымын нығайтып, оның өңірлік және жаһандық бастамаларға қатысу деңгейін арттырды.

6) Көпвекторлы саясатты теориялық және эмпирикалық тұрғыдан зерттеу қазіргі халықаралық қатынастар теориясын жетілдіруде, әсіресе орта державалар феноменін түсіндіруде маңызды үлес қосады. Қазақстан тәжірибесі көпвекторлы саясаттың құрылымдық анархия жағдайындағы өміршең стратегия екенін дәлелдейді.

Диссертацияда алынған нәтижелердің жаңашылдығы мен маңыздылығын негіздеу. Диссертацияда Қазақстанның көпвекторлы саясатының әлемдік дағдарыстарға қарсы тиімділігі жан-жақты дәлелденді. Елдің транзиттік-инвестициялық әлеуеті мен геосаяси орналасуының стратегиялық маңызы терең талданды. Көпвекторлықтың сыртқы қауіпсіздік пен ішкі тұрақтылықты нығайтудағы рөлі анық көрсетілді. Қазақстанның халықаралық ұйымдар арқылы әлемдік экономикаға интеграциялану жолдары сарапталып, нақты ұсыныстар жасалды. Зерттеу халықаралық қатынастар теориясын толықтыруға және болашақ ғылыми ізденістерге жаңа көзқарас ұсынады.

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесі: Зерттеу академиялық адалдық, ғылыми этика қағидаттарына сәйкес орындалды. Зерттеу нәтижелері ғылыми мақала ретінде ҚР ҒжЖБ БҒБК ұсынған отандық басылымдарда 7 мақала ретінде, сонымен қатар Scopus базасын енетін журналдарда 3 мақала, және 2 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинағында жарияланды. Диссертация зерттеуі нәтижесінде жиыны, 12 ғылыми мақала жарияланды.

Жұмыстың құрылымы. Кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер және қосымшалардан тұрады. Жалпы диссертация жұмысының көлемі – 180 бет.